

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін

Педагогика және психология
Институты Ғылыми Кеңесінің
төрағасы, институт директоры
Б.А.Әлмұхамбетов

« 31 » 05 2018 ж.
№ 10 хаттама



«6M010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша

ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Қабылдау емтиханының бағдарламасы:

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі «Білім туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 17 маусымындағы №261 бұйрығымен бекітілген магистратура мен докторантураға қатысты «Қазақстан Республикасындағы жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты»;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 19 қаңтарындағы №109 қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың үлгі ережесі»;

ҚР БЖҒМ 2014 ж. 10 сәуіріндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №158 бұйрығымен бекітілген «6М010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде даярланды.

Құрастырушылар: Жұмабаева Ә.Е., Нұржанова С.А.

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының мәжілісінде талқыланып, қабылданды: № хаттама, « » 2018 ж.

Қабылдау емтиханының бағдарламасы Педагогика және психология институтының Ғылыми кеңесінде бекітілді: №10 хаттама, «31» 05 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі:

Жұмабаева Ә.Е.

Педагогика және психология
институты директорының оқу
ісі жөніндегі орынбасары

Ақжолова А.Т.

ПЕДАГОГИКА пәні бойынша

1 - тақырып. Педагогика- адам туралы ғылымдар жүйесінде

Педагогика ғылымы жөнінде жалпы түсінік. Педагогиканың даму кезеңдері. Педагогиканың объектісі, пәні және қызметтері. Педагогиканың категориялық аппараты.

2 - тақырып. Педагогиканың әдіснамалық негіздері

Педагогика ғылымының әдіснамасы туралы түсінік. Педагогикалық зерттеудің әдістері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулердің құрылымы және логикасы.

3 - тақырып. Педагогиканың аксиологиялық негіздері

Педагогиканың гуманистік әдіснамасының негіздемесі. Педагогикалық құбылыстарды оқып үйренуде аксиологиялық тұғыр.

4-тақырып. Педагогикада мақсатты анықтау

Тәрбие мақсаты туралы түсінік. Педагогикалық теория мен практика үшін тәрбие мақсаттарының маңызы.

5-тақырып. Тұтас педагогикалық үдеріс.

Тұтас педагогикалық үдеріс туралы түсінік. Педагогикалық үдерістің құрылымы және компоненттері. Қарама-қайшылықтар - тұтас педагогикалық үдерістің қозғушы күштері.

6 - тақырып. Оқушы тұлғасы - тәрбиенің объектісі және субъектісі

Педагогикалық антропология-тәрбиенің философиялық негізі. Тұлға дамуының қазіргі кездегі теориялары.

«Тұлға», «адам», «индивид», «жекелік» ұғымдарына түсінік. Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторлар.

7 - тақырып. Дамудың жас және жекелік ерекшеліктері

Жас. Жас кезеңдері. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың дамуы мен тәрбиесінің ерекшеліктері. Дамудың біркелкі еместігі.

8-тақырып. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі

Білім беру жүйесі туралы түсінік. Білім беру бойынша қазақстандық және халықаралық құжаттар. Білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының ұстанымдары, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты мен міндеттері. Қазақстандағы білім беру жүйесіне жалпы сипаттама. Қазақстандағы білім беру жүйесінің құрылымы.

9-тақырып. Тәрбиенің мәні

Тәрбиенің міндеттері мен қызметтері. Тәрбиенің мәні және оның ерекшеліктері. Қазіргі Қазақстандағы тәрбие тұжырымдамалары. Тәрбие түрлері.

10-тақырып. Тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдары

Тәрбиенің заңдылықтары мен ұстанымдары туралы түсінік.

11-тақырып. Қазіргі педагогикадағы тәрбиенің әдістері, құралдары және формалары

Тәрбие әдістері туралы түсінік. Тәрбие әдістерін топтап бөлу. Тәрбие әдістеріне сипаттама. Тәрбие құралдары. Тәрбие формалары.

12-тақырып. Дүниеге көзқарас- қалыптасушы тұлғаның негізі

Оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастыру - қазіргі мектептің негізгі тәрбиелік міндеті. Дүниеге көзқарастың маңызы, қызметтері.

13-тақырып. Ұжым- тәрбие құралы

«Балалар ұжымы» түсінігі. Ұжым теориясының қалыптасуы. Ұжымның белгілері. Ұжымның қызметтері.

14-тақырып. Отбасы - тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендіру жүйесінде

Отбасы – әлеуметтік институт.

15 - тақырып. Дидактика-педагогикалық ғылымдар жүйесінде

Дидактика туралы жалпы түсінік. Дидактиканың объектісі, пәні, қызметтері және міндеттері. Дидактиканың ұғымдары.

16 - тақырып. Оқыту үдерісі - тұтас жүйе

Оқытудың әдіснамалық және психологиялық негіздері. Оқытудың мәні мен құрылымының қазіргі кездегі түсінігі. Оқыту- екі жақты үдеріс. Оқытудың іс-әрекет ретіндегі мәндік сипаттамасы. Оқу- оқытудың тұтас үдерісіндегі оқушының танымдық іс-әрекеті.

17-тақырып. Оқытудың заңдары, заңдылықтары және ұстанымдары

Оқытудың заңы, заңдылықтары және ұстанымдары түсінігі. Оқытудың негізгі заңдарына, заңдылықтарына шолу.

18 - тақырып. Мектептегі қазіргі білім беру мазмұны

«Білім беру мазмұнының мәні» түсінігі. Жалпы білім берудің мазмұнын таңдап алудың ұстанымдары мен өлшемдері. Білім беру мазмұнын белгілейтін нормативтік құжаттар.

19 - тақырып. Қазіргі кезеңдегі оқытудың әдістері мен құралдары

Оқытудың әдістері– дидактиканың ұғымдарының бірі. Оқытудың әдістері, тәсілдері және құралдары, олардың өзара байланысы мен өзара шарттылығы.

20 - тақырып. Қазіргі оқытуды ұйымдастырудың формалары

Оқытуды ұйымдастыру формалары-тұтас жүйенің элементі. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формаларына сипаттама.

21 - тақырып. Оқыту үдерісінің сапасын педагогикалық бақылау

Оқыту үдерісінің тұтас жүйесіндегі бақылау. Бақылаудың оқыту мақсаттарына сәйкестігі.

22 - тақырып. Оқу мотивациясы

«Оқудың мотивтері» түсінігі. Мотивтерді топтап бөлу. Оқудың мотивтерін зерттеу және қалыптастырудың тәсілдері

23-тақырып. Оқытудың педагогикалық технологиялары

«Оқытудың педагогикалық технологиясы» түсінігі. Педагогикалық технологияларды топтап бөлу (классификациялау). Педагогикалық технологияларға шолу.

Негізгі әдебиеттер

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2002
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. -Алматы: Дарын, 2004
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика.- Алматы: Дарын, 2004
4. Педагогика. Оқулық/ Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының авторлар ұжымы- Алматы: Print-S, 2005
5. Сабыров Т.С. Оқыту теориясы. -Алматы, 2000
6. Коджаспирова Г.М. Педагогика. - М.:Гардарика, 2007
7. Пидкасистый П.И. Педагогика. -М.: Высшее образование, 2007
8. Ситаров В.А. Дидактика. -М., 2002
9. Педагогика курс лекции. -Алматы: Нурлы әлем, 2003
10. Харламов И.Ф.Педагогика. -М.: Гардарика, 2007
11. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006
12. Коджаспирова Г.М. Педагогика в схемах, таблицах и опорных конспектах. -М., 2006
13. Майғаранова Ш., Иманбаева С.Т. Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. -Алматы, ҚазМемҚызПИ, 2009

«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ НЕГІЗДЕРІ» пәні бойынша

1-тақырып. Тіл біліміне кіріспе.

Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы. Тілдің қоғамдық мәні мен қызметі. Тіл және ойлау. Тіл және сөйлеу. Тілдің таңбалық сипаты, құрылымы, оның жүйесі.

2- тақырып. Фонетика.

Қазақ тілі фонетикасына кіріспе. Қазіргі қазақ тілі фонетикасындағы өзекті мәселелер. Дыбыс туралы ұғым. Дауысты дыбыстар. Дауыссыз дыбыстар. Бастауыш сынып «Қазақ тілі» оқулығындағы тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты тақырыптар. Буын, оның түрлері. Буын үндестігі. Дыбыс үндестігі және оның түрлері. Бастауыш сынып «Қазақ тілі» оқулығындағы буын және дыбыс үндестігі кездесетін тақырыптар. Орфоэпия, орфография, графика.

3-тақырып. Лексикология.

Сөз және оған тән белгілер. Сөз мағынасы және оның түрлері. Сөздің ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылу тәсілдері. Омонимдер. Синонимдер. Антонимдер. Фразеологизмдер. Мақал-мәтелдер және олардың мәні. Бастауыш сыныптарда оқытылатын лексикалық ұғымдар. Қазақ тілінің негізгі сөздік қоры мен сөздік құрамы туралы түсінік. Сөздік құрамның толығу жолдары. Сөздердің стильдік мәніне қарай бөлінуі және оның түрлері. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер. Терминдер. Көнерген сөздер, олардың түрлері. Неологизмдер. Қазақ тілі лексикографиясы. Лингвистикалық сөздіктер.

4-тақырып. Сөзжасам

Сөзжасам туралы жалпы түсінік. Сөзжасамның негізгі тәсілдері. Морфемалар. Жалаң сөз. Күрделі сөздер. Сөзжасамға қатысты ұғымдардың бастауыш сынып бағдарламасы мен «Қазақ тілі» оқулықтарында берілу жайы.

5-тақырып. Морфология

Грамматикалық ұғымдар. Грамматикалық форма және грамматикалық категория туралы ұғым. Грамматиканың теориялық және практикалық мәні. Оның бастауыш сынып бағдарламасында алатын орны, маңызы. Грамматикалық категориялар және олардың сөз таптарымен ара қатынасы. Сөз таптары. Зат есім. Көмекші есім. Сын есім. Сан есім. Есімдік. Етістік. Етістіктің лексикалық-грамматикалық категориялары. Үстеу. Шылау сөздер. Еліктеу сөздер. Одағай сөздер. Бастауыш сыныпта оқытылатын сөз таптарының оқулықта берілу жайы.

6-тақырып. Синтаксис

Синтаксис туралы жалпы түсінік. Сөйлем. Сөйлемнің грамматикалық белгілері. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлері. Сөз тіркесі. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері. Сөйлем мүшесі. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Айқындауыш мүше және оның түрлері. Оқшау сөздер және оның түрлері. Жай сөйлемнің құрылысына қарай бөлінетін түрлері. Құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем. Сабақтас құрмалас сөйлем. Аралас құрмалас сөйлем. Синтаксистен бастауыш сыныпта берілетін материалдар. Бөгде сөз, оның түрлері.

7-тақырып. Емле және тыныс белгілері.

Қазақ емлесінің кейбір мәселелері. Тыныс белгілерінің мәні және атқаратын қызметі. Тыныс белгілерінің түрлері және олардың қолданылуы.

8-тақырып. Сөйлеу мәдениеті.

Сөйлеу мәдениеті туралы түсінік. Тілдік норма, оның тіл мәдениетіне қатысы.

Негізгі әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – А., 1993.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – А., 1997.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – А., 2005.
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – А., 1998.
5. Исаев С. Қазақ тілі. – А., 2008.
6. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – А., 1999.
7. Оразахынова Н., Исаева Ж., Г.Сүлеева. Қазақ тілі (сөзжасам, морфология). – А., 2004.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – А., 1991.
8. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – А., 1996.
9. Қалиев Ғ., Оралбаева Н. және т.б. Қазіргі қазақ тілі (жаттығулар жинағы). – А., 1997.
10. Қазақ тілінің грамматикасы. – А, 2004.
11. Уәйісова Г. Қазіргі қазақ тілі (1,2-бөлім). – А., ҚазҰПУ, 2007.

«МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ» пәні бойынша

1-тақырып. Бастауыш мектептегі математиканы оқыту әдістемесі – ғылым және оқу пәні.

Математиканы оқыту әдістемесі – оқу пәні және оның нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, әдістері мен мазмұны.

Оқыту нәтижелеріне қойылатын талаптар, бақылау және бағалау әдістері.

2- тақырып. Математиканың бастауыш курсы – оқу пәні

Оқу пәні ретіндегі математиканың нормативтік-құқықтық сипаттамасы.

Оқу пәні ретіндегі математиканың мазмұндық-процессуалдық сипаттамасы. Математикадан оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі. Математиканы оқыту нәтижелерін диагностикалаудың, тексеру мен бақылаудың түрлері.

3-тақырып. Бастауыш сыныптарда математиканы оқытуды ұйымдастыру

Оқу пәнін оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері.

Сабақ – математиканы оқыту үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасы. Математика сабақтарында оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиясы.

Математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру технологиясы.

4-тақырып. Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары мен әрекет тәсілдері

Бастауыш мектеп математикасының мазмұндық және мазмұндық-әдістемелік желілері.

Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқытудың жалпы мәселелері.

5-тақырып. Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқытудың технологиясы

«Қарапайым түсініктер» мазмұндық-әдістемелік желісінің материалдарын оқыту технологиясы.

«Сандар нумерациясы» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

«Арифметикалық амалдар және олардың қасиеттері» мазмұндық-әдістемелік желісінің материалдарын оқыту технологиясы.

«Есептеу тәсілдері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

Шамалар және оларды өлшеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

Есеп және оны шешу үдерісі» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

«Алгебра элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

«Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.

Негізгі әдебиеттер

1. Оспанов Т.Қ., Кочеткова О.В., Астамбаева Ж.Қ. Жаңа буын оқулықтары бойынша математиканы оқыту әдістемесі. 1-4-сыныптар. – Алматы: «Атамұра», 2005.
2. Т.Қ.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.Қ.Құрманалина. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. – Астана, «Фолиант», 2007.
3. Ж.Қ.Астамбаева. Математиканы оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік кешен. – Алматы, 2012.
4. Ж.Қ.Астамбаева. Бастауыш мектепте математиканы оқыту теориясы мен технологиясы. (Практикалық, лабораториялық сабақтар, СОӨЖ). – Алматы, 2008.
5. Қдырбаева А.А. и др. Внеклассная работа по математике в начальной школе. – Алматы, 2000.
6. 1-4-сыныптарға арналған математикадан ОӘК. – Алматы: «Атамұра», «Алматыкітап» баспалары. 2008-2014.